

**Э.А. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару институты
«Менеджмент және математикалық экономика» кафедрасының
№7 мәжілісінің көшірмесі**

Алматы қаласы

01.02.2024

Қатысқандар:

1. Төрегелдинова А.Ж. – ММЭ кафедрасының меңгерушісі
2. Әбілқасова Б.Н. – аға оқытушы-магистр
3. Абуталипов М. М. – аға оқытушы-магистр
4. Бекенова Г.Ы. – э.ғ.к., қауым.профессор
5. Құдайбергенова А.А. – аға оқытушы-магистр
6. Салина А.П. – PhD докторы, профессор
7. Сұлтанбекова Ж.Ж. – т.ғ.к., қауым.профессор
8. Хрущев С.В. – м.ғ.д., профессор
9. Цеховой А.Ф. – т.ғ.д., профессор
10. Атаханова А. – кафедра менеджері

КҮН ТӘРТІБІ:

6. Әртүрлі мәселелер

6.1.2 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының докторанты Кенжалиев Олжас Бағдаулетұлыны диссертациясын қорғау мақсатында қайта докторанттар қатарына қабылдауға «Е.А. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару» институтыны Ғылыми Кеңесіне ұсыну.

6.1.2 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының докторанты Кенжалиев Олжас Бағдаулетұлының «Капитал сыйымдылығы жоғары ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жобаларын портфельдік басқаруды ұйымдастыру» (орыс тілінде «Организация портфельного управления проектами коммерциализации капиталоемких научных разработок») диссертациялық жұмысы тақырыбын «Технологияларды коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер жобаларының табыстылығының сыни факторлары: Қазақстан тәжірибесін зерттеу» (орыс тілінде «Критические факторы успеха проектов коммерциализации технологий и научных разработок: исследование Казахстанского опыта»; ағылшын тілінде: «Critical success factors of technology commercialization projects and scientific developments: study of Kazakhstan's experience») тақырыбына өзгертуді және отандық бірінші ғылыми жетекшілікке Цеховой А.Ф. тағайындауды талқылау және «Е.А. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару» институтыны Ғылыми Кеңесіне ұсыну.

Тыңдады:

Төрегелдинова А.Ж.: құрметті әріптестер, 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасы бойынша кафедраның докторанты Кенжалиев Олжас Бағдаулетұлы диссертациялық жұмысын толық аяқтап, 2024 жылдың 5 қаңтарынан оны 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмысын қорғау мақсатында оны докторанттар қатарына қайта қабылдауға өтініш берді. Сонымен қатар ол «Капитал сыйымдылығы жоғары ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жобаларын портфельдік басқаруды ұйымдастыру» (орыс тілінде «Организация портфельного управления проектами коммерциализации капиталоемких научных разработок») диссертациялық жұмысы тақырыбын «Технологияларды коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер жобаларының табыстылығының сыни факторлары: Қазақстан тәжірибесін зерттеу» (орыс тілінде «Критические факторы успеха проектов коммерциализации технологий и научных разработок: исследование Казахстанского опыта»; ағылшын тілінде: «Critical success factors of technology commercialization projects and scientific developments: study of Kazakhstan's experience») тақырыбына өзгертуді және отандық бірінші ғылыми жетекшілікке Цеховой А.Ф. тағайындауды талқылау және «Е.А. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару» институтыны Ғылыми Кеңесіне ұсыну мәселелерін талқылауымыз керек. Сөз докторант Кенжалиев Олжасқа беріледі.

Кенжалиев О.Б.: Бірқатар диссертация бойынша қалған жұмыстарымды орындап, мақалаларды жарияладым, енді Сіздерден өтініш жұмысымды қорғау үшін докторанттар қатарына қайта қабылдап, диссертациялық жұмысымның тақырыбын өзекті жобаларды басқару саласындағы диссертация нәтижелері мазмұнына сәйкес өзгертуге мүмкіндік жасауларыңызды сұраймын.

Жаңа тақырыбымның өзектілігіне келсек, «Технологияларды коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер жобаларының табыстылығының сыни факторлары: Қазақстан тәжірибесін зерттеу» тақырыбы Қазақстан экономикасын дамытудың қазіргі заманғы контекстінде өте өзекті болып табылады. Әлемдік технологиялық ландшафттағы қарқынды өзгерістер жағдайында ел өз экономикасын әртараптандыруға және тұрақты дамудың негізгі факторы ретінде инновацияларды енгізуге көп көңіл бөледі. Бұл контекст технологияларды коммерцияландырудағы табыстың маңызды факторларын зерттеуді өте өзекті етеді, өйткені ол елдің инновациялық әлеуетін тиімді пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу стратегиялық мәнге ие, өйткені ол қазақстандық контексте ғылыми әзірлемелерді табысты коммерцияландыруға ықпал ететін түйінді тұстарды анықтауға және талдауға мүмкіндік береді. Бұл процесте университеттердің, ғылыми орталықтардың және инновациялық стартаптардың рөліне ерекше назар аударылады. SMART City LAB немесе

Huawei және Honeywell қазақстандық зертханалары сияқты табысты коммерцияландыру жобаларының тәжірибесін түсіну инновациялардың тиімді экожүйесін қалыптастыру үшін құнды білім көзі бола алады.

Зерттеу сонымен қатар технологияларды сәтті коммерцияландыруға кедергі болатын факторларды анықтауға көмектеседі, бұл өз кезегінде инновациялық мемлекеттік саясатты қолдау және жақсарту стратегияларын әзірлеуге негіз бола алады. Жаһандық перспективада бұл зерттеу әлемдік аренада қазақстандық технологиялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және неғұрлым орнықты, алуан түрлі экономиканы құруға ықпал ететін болады.

Цеховой А.Ф.: докторант Кенжалиев О.Б. жұмысының мазмұны технологиялар мен ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жобалары табыстылығының маңызды факторларын қарастырып, өлшеу критерийлеріне көбірек негізделуіне байланысты оның тақырыбының жаңа нұсқасы дұрыс деп есептеймін және өзгертуге ұсынам.

Сонымен қатар Кенжалиев О.Б. маған отандық бірінші ғылыми жетекші болыңыз деп өтініш білдіріп отыр және оның отандық ғылыми жетекші Ильмалиев Ж.Б. екінші ғылыми жетекші болып қала беруге келісіп отыр. Екі тараптан да өтініш түсуіне байланысты келісім берем.

Сұлтанбекова Ж.Ж.: Егер отандық ғылыми жетекші қолдап, екі жақ та келісіп тұрса, біз де қарсы емеспіз.

Бекенова Г.Ы. Жұмыстың тақырыбы мазмұнына сай болып, өзекті мәселе ашып отырса, менде қарсы емеспін.

Төрегелдинова А.Ж.: бүгінгі талқылау нәтижелері бойынша Кенжалиев Қ.Б. өтінішін ескеріп, диссертация жұмысын қорғау мақсатында 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасы докторанттары қатарына қайта қабылдауға ұсынуды және де докторанттың диссертациясы тақырыбын жоғарғыдай өзгертіп, қосымша отандық ғылыми жетекші ретінде А.Ф. Цеховойды тағайындау ұсыныстарын институт кеңесіне ұсынуды дауысқа қояйық.

Дауыс берді: бірауыздан келісті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6. Әртүрлі мәселе бойынша:

6.1.1. Кенжалиев Олжас Бағдаулетұлы диссертациясын қорғау мақсатында 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының докторанттары қатарына қайта қабылдауға «Е.А. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару» институтының Ғылыми Кеңесіне ұсынылсын.

6.1.2. 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының докторанты Кенжалиев Олжас Бағдаулетұлының «Капитал сыйымдылығы жоғары ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жобаларын портфельдік басқаруды ұйымдастыру» (орыс тілінде «Организация портфельного управления проектами коммерциализации капиталоемких научных разработок») диссертациялық жұмысы тақырыбын «Технологияларды


коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер жобаларының табыстылығының сыни факторлары: Қазақстан тәжірибесін зерттеу» (орыс тілінде «Критические факторы успеха проектов коммерциализации технологий и научных разработок: исследование Казахстана́нского опыта»; ағылшын тілінде: «Critical success factors of technology commercialization projects and scientific developments: study of Kazakhstan's experience») тақырыбына өзгертіліп, отандық бірінші ғылыми жетекшілікке Цеховой А.Ф., отандық екінші ғылыми жетекшілікке Ильмалиев Ж.Б. тағайындауды «Е.А. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару» институтыны Ғылыми Кеңесіне ұсынылсын.

Төраға



Төрегелдинова А.Ж.

Хатшы



Бекенова Г.Ы.